

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

Мемлекеттік мүлік және

жекешелендіру комитетінің

Төрағасы міндетін атқарушының

2022 жылғы « » айының

№ 43 бұйрығымен бекітілген



**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
«Республикалық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік кәсіпорынның жарғысына өзгерістер**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2015 жылғы 19 маусымдағы № 809 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғысында:

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты донорлықты дамыту, қан мен оның компоненттерін дайындау, компоненттерді өндіру және сақтау, донорлық және трансплантология саласындағы зертханалық зерттеулер, зертханалық зерттеулер үшін пайдаланылатын құралдарды өндіру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру болып табылады.»;

14-тармақта:

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«16) шығарылатын өнімнің сапасын, оның ішінде клиникалық-биохимиялық, цитометриялық және бактериологиялық зерттеу әдістерін қолдана отырып, бақылау жүргізу;»;

18) тармақша алынып тасталсын;

21) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«21) емдік плазмаферез жасау;»;

22) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«22) денсаулық сақтау ұйымдарының, ғылыми-зерттеу институттарының, ғылыми орталықтардың донорлық қанға, оның компоненттеріне, иммундық гематологиялық стандарттар мен зертханалық зерттеулерде пайдаланылатын құралдарға қажеттілігін қамтамасыз ету;»;

24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«24) Кәсіпорынның медициналық қалдықтарын жинау, залалсыздандыру, кәдеге жаратқанға дейін сақтау;»;

29) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«29) Алматы қаласының денсаулық сақтау ұйымдарында қан өнімдерін есепке алу, сақтау және пайдалану жағдайларына мониторинг жүргізу;»;

33) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«33) жұмылдыру дайындығы кезінде жұмылдыру жоспары мен жұмылдыру тапсырысының іс-шараларын орындау, жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының сандық және сапалық сақталуын

камтамасыз ету;»;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауддық округ әкімі аппараты, прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.»

Директор



Д. Бекиров